



# АЛАТАУ арайы



Газет тарихы 1918 жылдың маусым айынан басталады



Alatau\_araiy@mail.ru  
www.alatauaraiy.kz



АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ЭЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ



№19 (468) // 19 ақпан // бейсенбі // 2026 жыл

## ● ОБЛЫСТЫҚ ӘКІМДІКТЕ

# ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ НЫҒАЯДЫ



Суретті түсірген – Аслан ҚАЖЕКЕ

**Облыс әкімі Марат Сұлтангазиев Беларусь Республикасының Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Алексей Богданов, Беларусь елінің Алматы қаласындағы Бас консулы Денис Мелешкин бастаған делегациямен кездесу өткізді. Жиынға облыс әкімінің орынбасары Бақытнұр Бақытұлы, басқарма басшылары, кәсіпкерлер мен агроөнеркәсіп кешен жетекшілері қатысты. Онда Беларусь Республикасының Витебск облысы мен Алматы облысы арасындағы аймақаралық байланысты арттыру жайы сөз болып, шаруашылық, су тазарту және қалдықтарды қайта өңдеу салалары бойынша тәжірибе алмасу мәселелері талқыланды.**

## ● Гүлзат БАЙҚОНЫС

Өткен жылдың қараша айында Беларусь Республикасының Премьер-Министрі Александр Турчиннің Қазақстанға ресми сапары барысында аймақ басшысы Марат Елеусізұлы Витебск облыстық атқару комитетінің төрағасы Александр Субботинмен кездескен. Оның қорытындысы бойынша аталған екі облыс арасында сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық,

мәдени және гуманитарлық салалар бойынша ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылған. 2026-2027 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары әзірленген. Оның іске асырылуы өңіраралық байланысты жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік бермек.

– Екі ел арасындағы қатынас өзара сенім мен құрметке негізделген. Отыз жылдан аса уақыт бойы байланыс айтарлықтай нығайды. Сексеннен астам халықаралық келісімшарт жасалған.

Алматы облысы – өнеркәсіп, агро-өнеркәсіп және логистика салаларында әлеуеті жоғары, қарқынды дамып келе жатқан өңір. Біз машина жасау, агроөнеркәсіп кешені, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу бойынша және инвестициялық жобаларды іске асыруда бірлесіп жұмыс істеуге мүдделіміз. Алматы облысының экономикалық көрсеткіші жылдан-жылға ілгерілеп келеді. Өткен жылы жалпы ішкі өнім көлемі бойынша республикада 10-нан 5-орынға көтерілді. Әлемнің 100-ден астам елімен сауда-саттық байланысын орнатқан.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен инновациялық Алатау қаласы құрылмақ. Біз құрылыс және құрылыс материалдарын өндіру саласы бойынша Беларусь инвесторларын осы жобаға қатысуға шақырамыз. Облыстағы 9 индустриялық аймақ және «Алатау» арнайы экономикалық

аймағында компанияларға салық жеңілдігі ұсынылады, – деген Марат Елеусізұлы мәдени-гуманитарлық шараларға да тоқталды. Айтуынша, облыста 1200-ге жуық Беларусь этносының өкілі тұрады. Талғар ауданында «Беларусь мәдени орталығы» қоғамдық бірлестігі жұмыс істейді. Олар өткен жылы Масленица мерекесін өткізген. Ұйым басшылығы мен этнос өкілдері облыстық және аудандық іс-шараларға белсенді қатысады.

Өз кезегінде Алексей Богданов екіжақты байланысты нығайтудың маңызы зор екенін атап өтті. Делегация өкілдері ауыл шаруашылығы, агроинженерия саласындағы тәжірибелерімен бөлісті.

«Зубр Агро» ЖШС директоры Дмитрий Фирсов Қазақстан мен Беларусь арасындағы бірлескен жобаға тоқталды. «Компаниямыздың мақсаты – Беларусь технологиялары мен өнімдерін Қазақстан нарығында ілгерілету. Біз фермерлерге арналған жабдықтар, мал өсіру, топырақты өңдеу, астық сақтау және ауыл шаруашылығы мен агроөнеркәсіп саласындағы мәселелерге кешенді шешім ұсынамыз.

Екі тарап Елшілігінің бастамасымен кәсіптік оқыту бағдарламасы ұйымдастырылды. Студенттер екі жыл Қазақстанда, кейін екі жыл Беларусь елінде білім алады. Олар тек теориялық біліммен шектелмей, Беларусь технологиясымен танысып, шаруашылықтағы ғылыми шешімдерді тәжірибе жүзінде қолдануды үйренеді. Нақты қай мамандықтар оқытылатыны қыркүйек айында белгілі болады. Зоотехника, ветеринария, топырақты өңдеу бағыттары енгізілуі мүмкін. Сонымен қатар қысқа мерзімді оқу мүмкіндігі де бар. Бұл біліктілікті арттыру курсына ұқсайды. Яғни білімі мен тәжірибесі бар мамандар 10-15 жұмыс күні аралығында арнайы технологиялардың қыр-сырын меңгереді. Жобаға әр елден 60 студент қатысады деп жоспарлап отырмыз. Әлі де талқылану үстінде. Бағдарлама наурыз-сәуір айларында нақты бекітіледі», – деді ол.

Кездесу соңында екі тарап өзара ынтымақтастықты нығайтып, нәтижелі әрі табысты байланыс орнатуға уағдаласты.

## ● ЖАЙДАРМАН ЖАҒАЛЫҚ

# Жаңа техника табысталды

**Орман шаруашылығы мекемелерінің материалдық-техникалық базасын нығайту мақсатында орманышларға жалпы саны 19 бірлік жаңа техника мен заманауи дрондар тапсырылды.**

## ● Ерзат АСЫЛ

Қонаев қаласында өткен шараға облыс әкімінің орынбасары Бақытнұр Бақытұлы қатысып, орман шаруашылығы жұмыстарының маңыздылығын атап өтіп, оларға жергілікті билік тарапынан көрсетілетін қолдаулар жалғасатынын жеткізді.

– Облыс әкімінің қолдауымен жүзеге асырылып жатқан жаңа техникаларды табыстау шарасы – орман шаруашылығының материалдық-техникалық базасын нығайту жолындағы маңызды қадам. Соңғы бес жыл ішінде облысымызда орын алған орман өрттерінің жалпы аумағы 14 пайызға төмендеді. Бұл – алдын алу шараларының күшеюі, техникалық жаңғырту және жедел әрекет ету тетіктерінің тиімді ұйымдастырылуының нәтижесі. Бүгінде орман шаруашылығы мекемелерінің материалдық-техникалық қамтылу деңгейі 86 пайызды құрайды. Жаңа техникаларды қосылуымен бұл көрсеткіш 90 пайыздан асып, саланың әлеуеті одан әрі нығаюда. Шағын өрт сөндіру кешендері өрт ошақтарына жедел жетіп, бастапқы кезеңде тілсіз жауды ауыздықтауға мүмкіндік береді.



Суретті түсірген – Дина ДӘУМТБЕКОВА

Ал тракторлар минералды жолақтар жүргізу, өрттің таралуына тосқауыл қою ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Қанат Нүсіпбаев.

Шара барысында орман өрттерін ерте анықтау жүйесінің жұмысы көрсетілді. Бұл жүйе қазіргі уақытта Бақанас, Қарадала және Шелек орман шаруашылықтарында іске қосылған. «Бүгінде цифрландыру мен жасанды интеллектті енгізу бойынша қарқынды жұмыс жүргізіліп келеді. Соңғы жылдары бізде үлкен орман өрті болған жоқ. Қазір біз енгізіп отырған ерте анықтау жүйесі – тұман мен түтінді ажырата алады. Сонымен қоса облыста 20 шақырымға дейін радиуста жұмыс істейтін 18 камера орнатылған. Бүгінгі таңда заманауи технологияларды орман

өртінің алдын алуға белесене қолданып отырмыз», – дейді облыстық табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Қанат Нүсіпбаев.

Сала мамандарының айтуынша, заманауи дрондар орман алқаптарын бақылауды жеңілдетіп, өрт қаупін болдырмауға және заңсыз ағаш кесушілерді дер кезінде анықтауға мүмкіндік береді. Айта кетер болсақ, орман шаруашылығы қызметкерлеріне табысталған АТМ тракторлары мен «JAS» маркалы шағын өрт сөндіру кешендері облыстық «Өнеркәсіпті дамыту» қоры ұсынған лизингтік бағдарлама шеңберінде сатып алынған.

Қонаев қаласы



## Рамазан – рухани тазару айы

Қасиетті Рамазан айының келуі – бұл мұсылман қауымы үшін үлкен қуаныш әрі рухани жаңару кезеңі. Бұл ай – адам баласын сабырға, тақуалыққа, мейірімділік пен кешірімге тәрбиелейтін ерекше уақыт. Рамазан – тек ораза ұстайтын кезең ғана емес, сонымен бірге, жүректі тазартатын, ниетті дұрыстайтын, қоғамдағы бауырмалдық пен жанашырлықты арттыратын берекелі ай.

Рамазан айында мұсылман баласы тек ішін-жеуден ғана тыйылып қоймай, жаман сөзден, орынсыз әрекеттен, жүрекке кірбің түсіретін істерден де сақтануға тырысады. Рамазан – қайырымдылық жасауға, жетім-жесірге қамқор болуға, мұқтаж жандарға қол ұшын созуға үндейтін қасиетті ай. Осындай игі амалдар қоғамдағы мейірім мен жанашырлықты арттырады.

Қазақстан – түрлі ұлт пен дін өкілдері бейбіт өмір сүріп жатқан мемлекет. Осындай тұрақтылық пен бірлікті сақтау – баршамыздың ортақ міндетіміз. Рухани құндылықтарды сақтау арқылы ғана біз болашақ ұрпаққа мықты, тәрбиелі, саналы қоғам қалдыра аламыз.

Бұл ай – адамның өз-өзіне есеп беретін, өткеніне тәубе етіп, болашағына жаңа мақсат қоятын кезең. Бұл айда жасалған әрбір игі амал адамның рухани дәрежесін көтеріп қана қоймай, қоғамның да ізгіленуіне де оң әсер етеді. Қазіргі қоғамда рухани тәрбие, отбасылық құндылықтар, адал еңбек, әділ қарым-қатынас – басты қажеттіліктердің бірі. Рамазан айы осы құндылықтарды күшейтуге үлкен мүмкіндік береді. Әсіресе жастар тәрбиесінде Рамазан айының орны ерекше. Себебі бұл ай адамды тәртіпке, жауапкершілікке, сабырлыққа үйретеді.

**Құрметті ағайын!**  
Баршаңызды қасиетті Рамазан айының келуімен шын жүректен құттықтаймын! Еліміз аман, жұртымыз тыныш, бірлігіміз бекем болсын! Алла Тағала ұстаған оразаларыңызды, жасаған дұға-тілектеріңізді, қайырымдылық амалдарыңызды қабыл етсін! Бұл ай әр шаңыраққа береке, әр отбасына тыныштық, әр жүрекке иман нұрын сыйласын. Жүректерімізге мейірім ұялап, қоғамымызда өзара құрмет пен жанашырлық арта берсін!

Қасиетті Рамазан айы құтты болсын!

Мадияр қажы ТАҒАЙБАЙҰЛЫ,  
Алматы облысының бас имамы

## БҮГІНГІ САНДА:



3-бет



4-бет

## ● ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

# Азық-түлікпен қамтыды

Қасиетті Рамазан айы қарсаңында «UMUT» қоғамдық қоры Еуропалық «HASENE» қайырымдылық қорымен бірлесіп, қайырымдылық акциясын өткізді. Шара аясында Алматы қаласы мен облысы, сондай-ақ Шымкент, Түркістан, Тараз, Меркі қалаларындағы 500 мұқтаж отбасына азық-түлік себеттері таратылды.

## ● Қуат ҚАЙРАНБАЕВ

Қордың президенті Сұлтан Исмайыловтың айтуынша, бұл ұйым 2018 жылы қазақстандық түрік-мешех азаматтарының қаражаты есебінен құрылған. Өзі Қаскелең қаласында тұратындықтан, аталған акция шеңберінде қаскелеңдіктерге 140 азық-түлік себеті бөлінді. Сонымен қатар Еңбекшіқазақ ауданының тұрғындарына 80 азық-түлік себеті табысталды. Бұдан бөлек, Есік, Талғар, Ұзынағаш, Маловодное, Көктөбе және басқа да елді мекендерде тұратын азаматтар да азық-түлік көмегіне ие болды. Сондай-ақ бұл шараны ұйымдастыруға Қаскелең және Есік қалаларының әкімдіктері үлкен қолдау көрсеткенін атап өту керек.

– Біздің қордың тұрақты демеушілері жоқ. Барлық жұмысты өз қаражатымыздың есебінен, сондай-ақ еріктілер мен жанашыр азаматтардың көмегі арқылы жүзеге асырамыз, – деді Сұлтан Теймур-оғлы.

Халық достығын нығайтуда және қайырымдылық қызметті дамытуда да «UMUT» қорының қосып жатқан үлесі мол. Ізгілікті істі қор құрылтайшылары алдағы уақытта да жалғастыра бермек.

Қарасай ауданы



# Жұмысшылармен кездесті



Суретті түсірген – Дина ДҰМТБЕКОВА

**ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Жанарбек Әшімжан мен Нұрғұл Тау бастаған «Әділетті және прогрессивті Қазақстанның халықтық Конституциясы үшін!» жалпыұлттық коалициясының мүшелері «Қапшағай бидай өнімдері» ЖШС жұмысшыларымен кездесті.**

## ● Ерзат АСЫЛ

Ең әуелі аймақтық коалиция жетекшісі Қуат Байғожаев еліміздің саяси өміріндегі тарихи белес саналатын жалпыхалықтық референдумның маңызын атап өтті. Қуат Сұлтанұлының сөзінше, бұл науқан жай ғана дауыс беру емес, бұл – мемлекет пен қоғам арасындағы жаңа әлеуметтік келісімнің бастауы.

Кездесу барысында коалиция мүшелері жаңа Конституция жобасының қалай дайындалғанына тоқталды. Конституциялық комиссия жарты жыл бойы қоғаммен ашық диалог орнатып, мыңдаған азаматтың ұсыныс-тілегін сараптаған. «Тәуелсіздік тамырына балта шабуға бағытталған кез келген қадам заннамалық тұрғыдан мүжілетін талдануы тиіс. Жаңа Конституция жобасының бірінші бабынан бастап, барлық 11 бөлімі мен 96-бабына дейін – Тәуелсіздікті қорғауға бағытталған. Бұл әдеби, мәдени, рухани, ғылыми, экономикалық және саяси еркіндікті, азаматтардың ар-ождан

бостандығын, аумақтық тұтастықты, басқа елдермен қарым-қатынасты қамтиды, мұның бәрі жаңа Ата Заң жобасына енгізілген. Бұл – жаңа тарихи кезеңнің бастауы. Жаңа Конституция – еліміздің болашақ даму бағытын айқындайтын стратегиялық құжат. Ол әділеттілік қағидаттарына негізделген жаңа саяси мәдениетті қалыптастырып, мемлекет пен қоғам арасындағы сенімді нығайтады. Біздің міндетіміз – осы тарихи шешімнің маңызын әрбір азаматқа түсіндіру», – деді депутат Жанарбек Садықанұлы.

Жалпыұлттық коалицияның мүшесі Нұрғұл Таудың айтуынша, Конституция жобасында заман ағымына сай, жаңа редакцияда алғаш рет азаматтардың құқықтарын цифрлық ортада қорғау туралы норма енгізілген. Технологиялар қарыштап дамыған уақытта адамның жеке деректері мен виртуалды кеңістіктегі қауіпсіздігін конституциялық деңгейде бекіту – уақыт талабы. Бұл өзгеріс әрбір қазақстандықтың киберкеңістіктегі құқығының тапталмауына кепілдік бермек. «Қоғамды толғандыратын

тағы бір маңызды мәселе – отбасы институты. Жаңа Конституцияда неке ер адам мен әйел адамның ерікті таңдауы мен тең құқығына негізделген одақ екені айқын көрсетілген. Бұл норма ұлттық құндылықтарымызды сақтап, отбасының қасиетті мәртебесін нығайтуға бағытталған», – деді ол.

Өңірлік коалиция мүшелері еліміздің институционалдық жаңғыру жолында маңызды кезеңнен өткеніне тоқталды. Атап айтқанда, «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» формуласының нығаюы, Конституциялық Соттың жұмыс істеуі, заңсыз шығарылған активтердің мемлекетке қайтарылуы, ұлттық ресурстарды әділ бөлу қағидатының күшеюі – әділдік пен теңдікке негізделген жаңа саяси мәдениеттің нақты көрінісі екені айтылды. Барлық шешім әділдік, теңдік және болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілік құндылықтарына сүйенетіні атап өтілді.

«Қапшағай бидай өнімдері» ЖШС-ның еңбек ұжымымен кездесуде сөз сөйлеген аймақтық коалиция мүшелері – «Respublica» партиясы Алматы облыстық филиалының төрағасы Ержан Нүсіпбекұлы, «Ақ жол» партиясының өкілі, облыстық мәслихаттың депутаты Сергей Горной осы шешуші кезеңде жаңа Конституцияны қабылдаудың тарихи маңызын халық арасында кеңінен түсіндіру үшін облыстағы жетекші қоғамдық-саяси күштердің бірлесуі аса маңызды екенін жеткізді. «Қапшағай бидай өнімдері» ЖШС жұмысшылары кездесу соңында ел ертеңіне бейжай қарамайтындарын білдірді.

Бұған дейін «Әділетті және прогрессивті Қазақстанның халықтық Конституциясы үшін!» жалпыұлттық коалициясын құру жөніндегі республикалық бастама аясында облыстық коалициясы құрылды. Олардың қатарында мәслихат төрағалары мен депутаттар, саяси партия филиалдарының жетекшілері, заңгерлер, қоғамдық ұйымдар мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, сарапшылар, кәсіподақ және жастар бірлестіктерінің мүшелері бар. Бүгінде коалиция мүшелері облыс аумағында ауқымды түсіндіру жұмысын жүргізуде.

# Конституцияны жаңарту – уақыт талабы

Конституция – мемлекеттің құқық жүйесінің іргетасы. Оның негізінде қабылданатын заңдар әрқайсымыздың күнделікті өмірімізге, болашағымызға тікелей байланысты. Сондықтан қоғам дамуы, қазіргі заманның үдерісіне қарай Конституциямыздың да жаңарып жатуы – уақыт талабы. Осы орайда жаңа Конституция жобасында цифрландыру сынды бүгінгі таңдағы өзекті мәселенің көтерілгенін, алғаш рет азаматтардың цифрлық ортадағы құқықтарын қорғау нормасы бекітілгенін ерекше атап өткізек.

Цифрлық технология өзу ілестірімес жылдамдықпен дамып, жасанды интеллект күнделікті өмірімізге ентелей кірген. Қазақстанда гана емес, бүкіл әлемде кибералақтар алаңдап, дербес дерек, азаматтардың жеке бағамының мәліметтері көпшілікке жария болып жатқан қазіргі уақытта цифрлық ортадағы адам құқығын қорғау туралы мәселе көтерілуді орынды.

Жаңа дәуір талаптарына сай барлық салада цифрландыру мен жасанды интеллектің кеңінен енгізу стратегиялық маңызына ие екенін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та атап өткен. Сондай-ақ құқық қорғау жүйесіндегі цифрландыру үдерісінің ойдағыдай еместігіне назар аударып, Үкіметке қолданыстағы барлық цифрлық шешімдерді саралап, олардың тиімділігін арттыруды, ақпараттық кеңістікте азаматтардың дербес деректері тарап кетуінің алдын алып, оны бағыттап қорғау үшін жүйелі жұмыс істеу керектігін, киберқылмысқа қарсы күрес тәсілдерін түбегейлі қайта қарау қажеттігін тапсырған-ды.

Киберқылмыс демекші, қазіргі қолданыстағы Конституцияда жеке өмірге қол сұқпау құқығы туралы 18-бап бар. Алайда ол қабылданған кезде цифрлық технологиялардың беталысы бүгінгідей қарқынды болмады. Тіуісінше, жеке деректер ақпараттық технологиялар арқылы жария болу қаупі де жоғары емес-ті. Осы орайда Ата Заңымыздың уақыт талабына сай жаңарып жатқаны көңілге сенім ұялатады.

Жаңа Конституция жобасының 21-бабында жеке өмірге қол сұқпау құқығына, жеке және отбасы құпиясының болу құқығына, цифрлық технологияларды қолдануды қоса алғанда, дербес деректерді заңсыз жинаудан, өңдеуден, сақтаудан және пайдаланудан қорғау құқығына заңмен кепілдік беріледі. Сондай-ақ банк операцияларының, жеке салымдар мен жинақтардың, жазысқан хаттардың, телефон арқылы сөйлескен сөздердің, пошта хабарламаларының және байланыс құралдарының, оның ішінде цифрлық технологияларды қолдану арқылы берілетін өзге де хабарламалардың құпиясы заңмен қорғалатыны нақтыланған.

Бұдан байқайтынымыз, Конституцияның жаңа мәтіні адам құқықтары мен бостандықтарына бағдарланған. Бұл мәселе жаңа Преамбулада гана бекітіліп қоймай, бүкіл Конституцияның ерекше басымдығы әрі мағыналық өзегі ретінде айқындалған.

**Бағдат РАХИМОВ,**  
Еңбекшіқазақ аудандық «AMANAT» партиясы филиалының төрағасы

## ● БАСПАСӨЗ – 2026

# Жаңа мектепте – жаңа газет!

Өткен жылы гана пайдалануға берілген Ұмтыл ауылдық округіне қарасты Алматылық ауылдағы жайлы орта мектепте оқу жылы басталған алғашқы күннен-ақ көңіл аударарлық көптеген іс-шара халық назарын аударып үлгерді. Жайлы мектеп, аты айтып тұрғандай, сапалы білім, саналы тәрбие берудің басты бағыттарын қарастырып, оқушылардың қабілет-қарымын арттыру жолында жасап жатқан шығармашылық ізденістері өмір талабына сайма-сай келеді. Оған көлденең тартар дәлеліміз де бар.



Алматылық ауылдағы жайлы мектеп биыл жақсы істің жанашыры болып отыр. Атап айтқанда, Қарасай ауданы гана емес, облыс мектептері арасында бірінші болып «Мектеп LAFE» атты апталық мектеп газетінің алғашқы санын жарыққа шығарды. «Келісіп пішкен тон келте болмас» дегендей, мектеп ұжымы маңызды жағдай бұл мәселені кеңінен ойластырып, берік байлам жасаған. Журнал форматы үлгісіндегі 28 беттен тұратын мектеп газеті өзіндік көркемдігімен, мән беретіндей мәселелерімен бірден баурап алады. Мұнда басылымға байланысты

бар талаптар қатаң ескерілген.

Газеттің алдына қойған мақсаты да айқын. Ол – мектептің апталық өмірін, оқу-тәрбие үдерісін, жаңалықтары мен жетістіктерін оқушыларға, педагогтер мен ата-аналарға жүйелі түрде таныстырып отыру арқылы мектеп қоғамындағы ақпараттық ашықтықты қамтамасыз ету, оқушылардың танымдылық белсенділігін арттыру, мектеп өміріне деген қызығушылығын күшейте түсу әрі оқушылардың журналистика мамандығына қарай бетбұрыс жасауына ықпал ету.

Расында да апталық газеттің мектептің айнасы екеніне анық көзіміз жетті. Ондағы арнайы айдарлармен берілген мақалалардың көтеріп тұрған жүгі де салмақты. Мұндағы жайлы мектеп директоры Жанар Әбдірахманованың осы газетке арнап шын жүректен шығарған өлеңі көп жайларды айтықызбай-ақ аңғартады. Газеттің редакциялық құрамы да мықтылардан жинақталған. Жоба жетекшісі, педагог-ұйымдастырушы – Жәния Сейілханқызы, бас редактор, ағылшын тілі пәні мұғалімі – Құралай Әбуқызы, тілші – Айғаным Серікқызы, фототілші – Мұхамет Қатранұлы, дизайнер – Нүрәли Мұратұлы.

Апталық газеттің алғашқы санының тұсаукесер рәсімі де салтанатты жағдайда өтті. Ұмтыл ауылдық ардагерлер ұйымының төрағасы, биология ғылымдарының докторы, профессор, академик Әйіп Ысқақов бастаған ақсақалдар газеттің тұсауын кесіп, редакция алқасына сәттілік тіледі. Ендігі жерде газет әр аптада шығып тұратын болады.

**Қанат ТӘКЕБАЕВ**  
Алматылық ауылы,  
Қарасай ауданы

## ● БРИФИНГ

# Ораза – тек ашығу емес

Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпараттық алаңында Рамазан айының басталуына орай облыстық бас имамы Мадияр Пірімқұловтың қатысуымен баспасөз мәслихаты өтті. Брифингте былғы Рамазан айының ерекшеліктері айтылып, пітір-садақа мөлшері, Қадір түні мен Ораза айт мерекесінің уақыты, сондай-ақ өңірде жүзеге асырылатын қайырымдылық шаралары кеңінен баяндалды.

## ● Құралбек СӘБИТОВ

Мадияр Тағайбайұлы өңір жұртшылығын ұлық айдың келуімен құттықтап, Рамазан – тек ашығу емес, рухани жаңғыру мен иманды күшейтудің айы екенін атап өтті. Ол өз сөзінде:

– Ораза – нәпсіні тәрбиелеу, сабыр мен шүкірді арттыру, мұқтаждың хәлін сезінумен ерекшеленеді. Құдсін хадисте Алла Тағала «Ораза – Мен үшін. Оның сыйын (сауабын) Өзім гана беремін» деген. Бұл – оразаның қадір-қасиетін айқындайтын ұлағатты сөз. Рамазан айында сабырлық, мейірімділік, ізгілік пен бауырмалдық қасиеттері артып, қоғамда өзара түсіністік пен қайырымдылық кеңінен насихатталады, – деп былғы оразада пітір-садақаның мөлшері 735 теңге болып белгіленгенін айтты. Бұл еліміз бойынша 2 келі ұнның орташа бағасына сәйкес есептелген. Сонымен қатар пітір садақасын құрма немесе мейіз бағасымен де беруге мүмкіндік бар екенін тілге тиек етті. Сондай-ақ өңірдің бас имамы наурыз айының 16-нан 17-сіне қараған түн – қасиетті Қадір түні, ал 20 наурыз – Ораза айт мерекесі екенін айтты. Жұртшылықты Қадір түнін құлшылықпен, дұға-тілекпен өткізуге шақырып, бұл түннің мың айдан да қайырлы екенін еске салды.

Аймақта Рамазан айында бірқатар қайырымдылық жобасы жүзеге аспак. Атап айтқанда, «Рамазан қоржыны», «Рамазан сыйы»,

Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпараттық алаңында еліміздегі дене шынықтыру және спортты дамыту бойынша 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдама негізінде облыста атқарылып жатқан жұмыстар жайлы баспасөз мәслихаты өтті. Онда облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы басшысының орынбасары Жансерік Әдияхметов баяндама жасады.

## ● Гүлзат БАЙҚОНЫС

Спикердің айтуынша, спорт резервін даярлау жұмысымен 3 спортты дамыту дирекциясы, спорт клубы, шеберлік мектебі, олимпиадалық резервті даярлау орталығы, дәрігерлік-дене шынықтыру диспансері, дене шынықтыруды және спортты дамыту орталығы және 25 балалар мен жасөспірімдерге арналған спорт мектептері айналысады. Аталған мекемелерде 25 мыңнан астам спортшы және 67 спорт түрі тіркелген. Онда 969 жаттықтырушы жұмыс істейді.

– Өңірде дене шынықтыру және спортпен айналысуға арналған 1891 нысан бар. Қазіргі таңда Кеген ауданының Жалағаш ауылында 50 орындық, Жамбыл ауданының Тарғап ауылы мен Ұйғыр ауданының Шонжы ауылында 70 орындық 3 спорт кешенінің құрылысы жүргізілуде. Жыл соңына дейін пайдалануға беріледі. Одан бөлек

14 нысанның жобалық-сметалық құжаты дайын, – деген Жансерік Сабырқанұлы спорттың әр бағыты бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстарға тоқталды өтті.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес «Jeugan» футбол клубының ұсынған жобасы негізінде Қарасай ауданында футбол базасының құрылысы іске асырылуда. Кәсіпкер бұл жобаға 300 млн теңге көлемінде қаржы салған. Қазіргі таңда гимараттың 30%-ы аяқталған. Нысан аумағында спорт залдар, 4 үлкен футбол алаңы мен қоңақүй құрылысы қарастырылған. Осы жылы толық аяқталады деп жоспарлануда. Сондай-ақ Талғар ауданындағы «Atletico de Madrid» футбол академиясының құрылысы толық аяқталып, өз жұмысын бастаған. Академия «Doscag Group» ЖШС және «Sport Asset Management» қоғамдық бірлестігінің қаражаты есебінен салынған. Инвестиция көлемі – 2,2 млрд теңге. Онда 180 орындық жатақхана, заманауи спорт жабықтарымен қамтылған жаттығу залы, бассейн, жасанды жабындысы бар, жыл бойы пайдалануға жарамды футбол алаңы қарастырылған. Сонымен қатар Талғар қаласында Қазақстан футбол федерациясының және Алматы халықаралық әуежайының жеке қаражаты есебінен «KFF Academy by Almaty International Airport» футбол академиясының

құрылысы басталған. Инвестиция көлемі – 8,2 млрд теңге. Жалпы аумағы – 5 520 м². Академияны FIFA стандарттарына сай заманауи инфрақұрылыммен қамтамасыз ету жоспарланған.

Облыс халқын спортқа баулу мақсатында жыл басынан бері 400 іс-шара ұйымдастырылған. Сонымен қатар бұқаралық спортты дамыту үшін заманауи интерактивті платформа құру жұмысы жүргізілуде. Онда QR-код арқылы ақпаратты жедел әрі ыңғайлы түрде алуға болады. Бұл бұқаралық спортты насихаттауға, жаттығу нысандарына қолжетімділікті арттыруға және цифрлық ортада ақпаратты ашық түрде ұсынуға мүмкіндік береді. Нәтижесінде спортпен жүйелі түрде шұғылданатын адамдар санының үлесін жыл соңына дейін 44%-ға жеткізу жоспарланған.

Басқарма Қазақ спорт және туризм академиясы, спорт университеттерімен өзара ынтымақтастық жөнінде меморандумдарға қол қойған. Осы арқылы мамандарды даярлау, біліктілігін арттыру, студенттер мен жас спортшылардың тәжірибеден өтуіне мүмкіндік беру, оқу-жаттығу жиындары мен жарыстарды бірлесіп ұйымдастыру, ғылыми-инновациялық әдістерді тәжірибеге енгізу және спорт туризмінің дамыту жұмыстары іске асырылмақ.



Суретті түсірген – Аслан ҚАЖЕКЕ

«Жомарт жұма» секілді игі бастамалар қолға алынған. Өңірдегі мешіттерде күн сайын ауызашар дастарқан жайылып, мұқтаж жандарға көмек көрсетілмек. Облыстық орталық «Қапшағай» мешітінде «Рамазан шатыр» жобасы аясында күн сайын 120 адамға, өңірлердегі өзге мешіттерде күн сайын 10 мыңға жуық адамға ауызашар беру жоспарланған. Биыл көптеген мешітте тарауық намазында Құран хатым оқылып, Құран әліппесі мен намаз үйрету курстары да ұйымдастырылмақ.

– Діни мәселелер бойынша сұрақтары бар азаматтар Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының сенім телефонына (8 7172 33-30-30) немесе облыстық «Қапшағай» мешітінің нөміріне (+7 702 783 22 22) хабарласа алады. Рухани бірлікке үндеген Рамазан айын бәріміз берекелі өткізіп, сабыр сақтап, ізгі амалдарды көбейтейік. Алла Тағала отбасымызға амандық, ел-жұртымызға тыныштық, мемлекетімізге тұрақтылық берсін! Ұстаған орамамыз, жасаған дұға-тілектеріміз қабыл болғай! – деді Мадияр Пірімқұлов.

# Спортта серпін бар



● ІС ПЕН НӘТИЖЕ



Суретті түсірген – Астана ҚАЖЕКЕ

**Алматы облысы өткен жылы әлеуметтік-экономикалық даму бойынша орнықты өсім көрсетті. Инвестиция тарту қарқыны күшейіп, өнеркәсіп өндірісінің көлемі артты. Өңірдің негізгі көрсеткіштері мен алдағы басым бағыттары туралы облыс әкімі Марат СҰЛТАНҒАЗИЕВ сұхбат барысында жан-жақты әңгімелеп берді.**

# АЙМАҚТЫ ЖАН-ЖАҚТЫ ДАМУЫТУ – БАСЫМ БАҒЫТЫМЫЗ

Облыс әкімі Марат СҰЛТАНҒАЗИЕВ «Egemen Qazaqstan» газетіне сұхбат берді

– Марат Елеусізұлы, Алматы облысының бөлінгеніне бірнеше жыл болып қалды. Қазір өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері қандай?

– Алматы облысы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың берген тапсырмасына сәйкес, кейінгі төрт жылда тұрақты экономикалық өсім деңгейін көрсетіп, дамудың даңғыл жолына шықты. Осы кезеңде өңірлік бюджетке түсетін салықтық түсімдер шамамен екі есе артты, атаулы әлеуметтік көмек алушылар саны үш есеге жуық қысқарды. Бұл жұмыспен қамтудың кеңейгені, халық табысының өскенін, кәсіпкерлік белсенділіктің күшейгенін көрсетеді.

Айталық, 2021 жылы облыс жалпы өңірлік өнім (ЖӨӨ) көлемі жөнінен республикада 10-орынды иеленіп, оның көлемі 3,4 трлн теңгені құраса, 2024 жылы 5-орынға көтеріліп, ЖӨӨ көлемі 6,0 трлн теңгеге жетті. Бұл – 1,7 еседен астам өсім. Сонымен қатар өңір экономикасының өсуіндегі негізгі факторлардың бірі инвестицияларды белсенді тарту болды. 2022–2025 жылдар аралығында облысқа шамамен 3,7 трлн теңге инвестиция тартылды. Инвестиция көлемі 2,2 есе өсіп, 614 млрд теңгеден 1 355 млрд теңгеге жетті.

Инвестиция көлемінің ұлғаюы облыс бюджетіне де оң әсерін тигізіп, салықтық түсімдер көлемі жөнінен дотациялық өңірлер арасында көшбасшылар қатарына шығуға мүмкіндік берді. Мәселен, 2021 жылы облыс бюджетіне (Жетісу өңірін есепке алмағанда) 317 млрд теңге түссе, 2025 жылы бұл көрсеткіш 628,6 млрд теңгеге жетіп, екі есе артты. Осылайша, Алматы облысы дотациялық 17 өңірдің арасында республикалық бюджетке ең аз тәуелді өңірге айналды, яғни бұл тәуелділік 32%-дан 13%-ға дейін төмендеді. Сонымен қатар облыс ішінде донорлық аудандардың саны екіден беске дейін артты. Қарасай, Іле аудандарымен қатар, донор мәртебесін Талғар, Еңбекшіқазақ аудандары, сондай-ақ Қонаев қаласы иеленді. Осы қарқын сақталған жағдайда, 2029 жылға қарай Алматы облысы республикалық бюджетке толық донор өңір мәртебесіне ие болады деген үміт бар.

– Инвестиция тартудың тиімділігін басты бағыттардың бірі ретінде көрсеттіңіз. Осы арада ерекше атап өтетін ірі жобаларға тоқталсаңыз.

– Осы жылдар ішінде көптеген инвестициялық жоба жүзеге асты. Оның нәтижесінде 18,6 мың жаңа жұмыс орны құрылды. Олардың қатарында құны 135 млрд теңге болатын «Жетісу Вольфрам» зауыты, «KT&G» темекі өнімдерін өндіру зауыты (80,2 млрд теңге), «ТехноНИКОЛЬ – Орталық Азия» энергия үнемдейтін жылу оқшаулау материалдары зауыты (43,8 млрд теңге), «Fruit Art» сублимациялық зауыты, жеміс сақтау қоймалары, жылыжай кешені (42,8 млрд теңге), «Прима Құс» құс шаруашылығы кешенінің 1-кезеңі (33,6 млрд теңге), «Focus Logistics» логистикалық парктені (70 млрд теңге), «MP Solution» А класты логистикалық кешені (17 млрд теңге), «Еуразиялық

логистикалық парк» (22 млрд теңге), сондай-ақ «Kucukler Holding» (LC Waikiki) көтерме-тарату орталығын (30 млрд теңге) атап өтуге болады.

Әрбір инвестордың ұсыныстары мен мәселелерін жүйелі түрде шешеміз. Олармен біріге отырып, екі жаққа тиімді шешімдер қабылдаймыз. Мәселен, «Focus Logistics» логистикалық парктені жобасы бойынша инвестор алдағы жылдар есебінен аванспен салықтық төлемдерді жергілікті бюджетке төлеп, сол қаражат сомасын «Бизнестің жол картасы» арқылы жоба инфрақұрылымына жұмсадық.

Өңірге жетекші халықаралық компаниялар тарапынан да айрықша қызығушылық байқалып отыр. Қазір жобалау сатысында бірқатар ірі бастама бар. Оның ішінде «Mars» компаниясының жануарларға арналған жем өндіру зауыты, Қытайдың «Beijing Xinfadi» компаниясының Алматы қаласы әуежайы маңында экологиялық өнімдер портын салу жобасы, сондай-ақ Біріккен Араб Әмірліктерінің «Talgar Eco City» заманауи қаласын салу жобасы бар. Бұдан бөлек, өзге де өнеркәсіптік, логистикалық нысандар пысықталып жатыр.

Инвесторлардың қызығушылығын ескере отырып, олардың қызметіне қолайлы жағдай жасау негізгі басымдықтардың бірі болып қала береді. Осы бағыттағы ең тиімді құралдардың бірі – өңір экономикасының өсу нүктелері саналатын индустриялық аймақтарды дамыту. Әлбетте, индустриялық аймақтардың инфрақұрылымын салу қомақты қаражатты қажет етеді, облыстық бюджетке ауыртпалық түсіреді. Осы себептен мұндай аймақтарды дамытуда мемлекет-жекешелік әріптестік тетігін кеңінен қолданып отырымыз, бұл өз кезегінде бюджетке бір мезеттегі жүктемені азайтады. Сонымен қатар кейбір индустриялық аймақтардың аумағы жекешеленіп жер иелерімен келіссөздер жүргізу арқылы мемлекет меншігіне қайтарылды.

Мысалы, осындай жобалардың бірі – «Қайрат» индустриялық аймағын алатын болсақ, оның инфрақұрылымына мемлекеттік-жекешелік әріптестік арқылы 10,8 млрд теңге қаражат жұмсалды. Индустриялық аймақ аумағындағы жеке инвестиция көлемі 125 млрд теңгеге жетіп отыр. Нәтижесінде, бюджеттен жұмсалған әрбір 1 теңгеге 10 теңге көлемінде жеке инвестиция тартылды.

Осы тәжірибеге сүйене отырып, қазірде аумағы 5,6 мың гектар болатын 15 индустриялық аймақ құру жұмысы жүргізіліп жатыр. Бұл жалпы өңірлік өнімнің ұлғаюына, болашақта бюджетке түсетін салықтық түсімдердің өсуіне үлкен мүмкіндік береді.

Инвестицияның 56,3%-ы өнеркәсіпке, көлік пен қоймалау саласына бағытталған, бұл экономиканың негізгі салаларының дамуын ынталандырады. Соның нәтижесінде кейінгі үш жылда қоймалардың жалпы алаңы 17,5 есеге өсіп, 8,8 мың шаршы метрден 153,9 мың шаршы метрге жетті. Бұл – Орталық Азиядағы көлемі жағынан ең ірі қойма алаңдары.

Қазірде облыста 1 866 өнеркәсіптік кәсіпорын жұмыс істейді, өндірістің шамамен 90%-ы өңдеу секторына тиесілі. Бұл көрсеткіш бойынша облыс

Астана, Шымкент қалаларынан кейін 3-орында тұр.

Өнеркәсіп пен инвестициялық белсенділіктің артуы сыртқы сауда көрсеткіштеріне де оң әсерін тигізді. Кейінгі үш жылда экспорт көлемі шамамен 1,5 есеге өсіп, экспорт өнімдері алыс-жақын шетелдердің 59 еліне жеткізіледі. Экспорт құрылымының негізін азық-түлік өнімдері, суындар, темекі өнімдері, картон қаптамалары, фармацевтикалық өнімдер, өзге де тауарлар құрайды.

– Облыс орталығы мәртебесіне не Қонаев қаласының дамуы туралы да айтып берсеңіз.

– Қонаев қаласына келсек, бұрын, облыс орталығы болмай тұрғанда 60 мыңға жуық тұрғыны бар, шағын қала болатын. Оның үстіне қаланың инфрақұрылымының тозығы жетіп, жолдар мен электр желілері, су құбырлары, үйлердің қасбеттері ескіріп, көшелер мен парктені абаттандыруды қажет етті. Тозу деңгейі 90%-дан асатын көріз желілері мен сорғы стансаларын қайта жаңғырту мақсатында мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетігі арқылы жұмыс басталды. Сондықтан әкімшілік ғимараттар мен әлеуметтік, мәдени нысандарды қолға алмас бұрын, қаланың инфрақұрылымына ерекше назар аудардық. Бұл өзгерістер бірден байқала бермеуі мүмкін, алайда дәл осы шаралар қаланың одан әрі дамуына берік негіз қалайды. Қала бюджеті де қарқынды өсіп келе жатыр, егер 2022 жылғы бюджет 9,2 млрд теңгені құраса, бүгінде 3 есе артып, 30,5 млрд теңгеге жетіп отыр.

Қапшағай су қоймасы Қонаев қаласының басты рекреациялық орталығы болғандықтан, қалалық жағажайлардың барлығы қолға алынып, жаңғырту жұмыстары жүргізілді. Былтыр «Freedom Holding» компаниясының қолдауымен 4,5 млрд теңгеге №5 жағажай абаттандырылып, демалыс жайлы әрі қауіпсіз жағдайға келтірілді.

Құны 11 млрд теңге болатын, 4000 орынды мінбесі бар халықаралық «ASP-Arena» спорт аренасы, сондай-ақ Орталық Азиядағы ең ірі 20 мың шаршы метрлік мұз айдыны пайдалануға берілді. Бұл нысандар қаланың спорттық туризмдегі тартымдылығын арттырады. Нәтижесінде, өткен жазғы маусымда шамамен 1,8 млн адам демалып, олардың саны 2024 жылмен салыстырғанда 20%-ға артты.

Былтыр шетелдік туристер Алматы облысының әртүрлі табиғи нысандары мен көрікті жерлеріне жоғары қызығушылық танытты. Ең үлкен сұранысқа «Көлсай көлдері», «Іле-Алатау», «Шарын» ұлттық парктені ие. Ұлттық парктені келушілер саны 33,6%-ға артып, шамамен 1,8 млн адамды құрады (2024 жылы – 1,3 млн адам).

– Дамудың күретауына қан жүгіртіп отырған ауыл шаруашылығы саласында қандай жобалар жүзеге асып жатыр? Мал басын көбейтіп, оның еті мен сүтін, жүнін өндіретін кәсіпорындарды іске қосу барысы қалай?

– Ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі бойынша облыс республикада 5-орынды иеленіп, үлесі 8,1%-ды немесе 798,4 млрд теңгені құрап отыр. Бұл ретте мемлекеттік

субсидияларды пайдалану тиімділігі жөнінен облыс республикада бірінші орында тұр, яғни 1 теңге субсидияға 17 теңге көлемінде өнім өндіріледі. Ірі қара мал мен ұсақ мал басының саны 33,9%-ға артты, бұл ет пен сүт өндірісінің көлемін ұлғайтуға мүмкіндік берді. Облыс ет өндіру, құс саны жағынан көшбасшы орында, қой мен ешкі санынан 3-орында, жұмыртқа мен сүт өндіруде 4-орында, ірі қара мал саны бойынша 5-орында тұр.

Суару инфрақұрылымын дамытуға ерекше көңіл бөлініп келеді. Суармалы жерлердің аумағын кеңейту, су үнемдеу технологияларын енгізуге қатысты жүйелі жұмыс жүргізіле бастады. Облыстағы суару желілерінің тозу деңгейі 70–80%-ға жетіп, су шығынының 60%-ға дейін артуына алып келді. Осы мәселені шешу мақсатында 2022 жылдан бастап өңірде суару желілерін қайта жаңғырту жөніндегі шаралар іске асырылып жатыр. Негізгі жобалардың бірі – Балқаш, Еңбекшіқазақ, Ұйғыр аудандарындағы суару желілерін қайта жаңғырту, сондай-ақ Райымбек

инвестициялық жоба іске асырылып жатыр. Бұл жобалар нәтижесінде 37 мыңнан астам жаңа жұмыс орнын ашу жоспарланып отыр, оның ішінде 536 млрд теңгені құрайтын 17 жоба белсенді іске қосылды. Өткен жылы қалада 60,4 млрд теңгенің құрылысы жүзеге асты. Осы кезеңде жалпы аумағы 151,1 мың шаршы метр болатын тұрғын үйлер пайдалануға берілді.

Облыстағы басым бағыттардың бірі – өңірдің тұрақты әлеуметтік-экономикалық өсімін қамтамасыз етуге бағытталған Алматы агломерациясын дамыту. Бүгінде агломерация халқының жалпы саны 3,4 млн адамнан асады. Негізгі өзекті мәселелер қатарында халықтың маятниктік көші-қоны, жол-көлік желісінің шамадан тыс жүктелуі, қала маңындағы инженерлік инфрақұрылымның жеткіліксіз дамуы, әлеуметтік нысандарға түсетін жоғары жүктеме бар. Аталған мәселелерді жүйелі шешу үшін нормативтік-құқықтық база қалыптастырылды. Атап айтқанда, «Агломерацияларды дамыту туралы» Заң, өңіраралық схемалар, 2024–2028 жылдарға арналған Алматы

ауданындағы арнаны күрделі жөндеу. Бұл мемлекеттік кепілдік алу рәсімінен кейін Ислам даму банкінің қаражаты есебінен жүргізіледі. Нәтижесінде, 35 мың гектар жерді ауыл шаруашылығы айналымына енгізу жоспарланып отыр.

Суару желілерін дамытумен қатар, су үнемдеу технологияларын енгізу бағытында жүйелі жұмыс жүргізіліп жатыр. Су үнемдеу технологияларын қолданылатын алқап көлемі 2022 жылмен салыстырғанда 3,3 есеге артып, 2025 жылы 66,6 мың гектарды құрады. Бұл облыстағы жалпы суармалы егістік жердің 30%-ын қамтиды. 2030 жылға дейін су үнемдеу технологияларын қолдану көлемін 138,7 мың гектарға дейін жеткізу көзделген.

Сонымен қатар 2022 жылдан бастап облыста пайдаланылмай жатқан 1 405,1 мың гектар ауыл шаруашылығы жері анықталды, оның 37%-ы мемлекеттік меншікке қайтарылды. Бұл жұмыс ауыл шаруашылығы өнімділігін арттыру, жергілікті фермерлерді қолдау мақсатында жалғасын табады.

Ауыл тұрғындарын қолдау, кәсіпкерлік белсенділікті ынталандыру құралдарының бірі ретінде «Ауыл аманаты» бағдарламасы іске асырылып жатыр. Бағдарлама аясында бүгінге дейін жеке қосалқы шаруашылықтарды, кооперативтерді, отбасылық бизнесті дамытуға жалпы сомасы 11,7 млрд теңгеге 1 662 микрокредит берілді. Қабылданған шаралардың нәтижесінде ауыл халқының орташа табысы 2022 жылғы 196 мың теңгеден 2024 жылы 311 мың теңгеге дейін өсіп, 1,6 еселік өсімге қол жеткізілді. 2026–2029 жылдарға жоспарланған 708,7 млрд теңгеге 26 жоба өңірдің аграрлық әлеуетін толық ашуға, ауыл халқының өмір сүру сапасын арттыруға негіз болады.

– Өңірде тұрғын үй құрылысының қарқыны қандай?

– Тұрғын үй құрылысының қарқыны да әлеуметтік инфрақұрылыммен үндестіріле жоспарланған. Былтыр облыста 1 млн 69,1 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беріліп, жоспар 111,3%-ға орындалды. Үш жыл аралығында 5 144 кезекте тұрған азамат баспанаман қамтамасыз етілді. Быыл 1 млн 75 мың шаршы метр тұрғын үйді іске қосу көзделіп отыр. Оның ішінде бюджет қаражаты есебінен 1 018 пәтерлі 20 несиелік тұрғын үй салу жоспарланған.

– Жаңадан қалыптасып келе жатқан Алатау қаласы мен Алматы агломерациясын дамыту мақсатында қандай іс-шаралар қабылданып жатыр?

– Бүгінде қаланың 2050 жылға дейінгі бас жоспары бекітілді. Қала аумағында 6,8 мың га жерді қамтитын 12 өсім нүктесі анықталды. Бұл жерлерде қажетті инфрақұрылым мен қаржылық ресурстарға ие инвесторлар жұмысын бастап кетті. Осы «өсім нүктелерінде» тамақ өнеркәсібі, логистика, білім, туризм салаларында бірқатар ірі жобалар жүзеге асырыла бастады. Атап айтсақ, «PepsiCo», «Молочная долина», «Арказ Инвест», «Истоктранс», «G-Trans», «Маревен Фуд», «Гриффин Логопарк» секілді ірі компаниялармен бірлескен жобалар қолға алынды.

Қазір Алатау қаласында жалпы құны 1,5 трлн теңгеден асатын 32

агломерациясын дамытудың кешенді жоспары қабылданды. Кешенді жоспар республикалық, жергілікті бюджеттер, сондай-ақ жеке инвестициялар есебінен жалпы сомасы 3,4 трлн теңгеге 130 іс-шараны іске асыруды көздейді.

Агломерацияны жедел дамыту мақсатында бюджет заңнамасына қолденең қаржыландыру тетігі енгізілді. Бұл тетік қала маңындағы аумақтардағы өзекті мәселелерді бірлесіп шешуге мүмкіндік береді. Аталған механизм алғаш рет Алматы облысында іске асырылды.

– Биылғы «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» аясында жүзеге асатын жұмыс жоспарларыңыз қандай? Алыс-жақын ауылдар интернетпен толық қамтылған ба?

– Алматы облысында цифрлық теңсіздікті азайту, интернет инфрақұрылымын кеңейту кезең-кезеңімен жүзеге асырылып келеді. Бүгінде өңірдегі 373 елдімекеннің 355-і, яғни 95,2%-ы кең жолақты интернетпен қамтылған. Оның ішінде 352 елдімекенде мобильді интернет қолжетімді. Бұл – ауыл мен қала арасындағы ақпаратқа қол жеткізу айырмасын қысқартуға бағытталған жүйелі саясаттың нәтижесі.

Өткен жылы интернетпен қамтылмаған 11 ауылға алғаш рет кең жолақты байланыс жеткізілді. Төрт елдімекенде 4G стандарты енгізілсе, жеті ауылда спутниктік интернет орнатылды. Бұл тәсіл географиялық тұрғыдан күрделі, талшықты-оптикалық желі тарту экономикалық тұрғыдан тиімсіз елдімекендер үшін балама шешім ретінде қолданылып отыр. Нәтижесінде, шалғай ауыл тұрғындары да мемлекеттік қызметтерді онлайн алу, қашықтан оқу, кәсіпкерлікпен айналысу мүмкіндігіне ие болады. Сонымен қатар байланыс сапасын арттыру мақсатында «KaP-Тел» компаниясы облыс аумағындағы барлық 3G базалық стансаларын жоғары жылдамдықты 4G стандартына көшіру жұмысын аяқтады. Бұл мобильді интернеттің тұрақтылығы мен өткізу қабілетін айтарлықтай арттырды. Ұлттық жоба шеңберінде көлік инфрақұрылымы да назардан тыс қалған жоқ. Республикалық және бірінші кезектегі облыстық маңызы бар автожолдарды мобильді байланыс, интернетпен қамту жоспарланған.

– Өңір елдімекендерінің газбен қамтылуы қай деңгейде?

– Облыста 169 елдімекен газдан-дырылған, табиғи газға қолжетімділік 1,24 млн адамға қамтамасыз етілген, бұл – өңір халқының жалпы санының 81%-ы. Былтыр «Қазыбек бек» АГРС-і іске қосылып, Жамбыл ауданының 7 елдімекенін газбен қамтуға мүмкіндік берді, 16 мың адамға газ жеткізілді. Сонымен бірге Балқаш ауданын газдандыру іске асып жатыр. Аудан аумағында 28 елдімекен орналасқан, олардың ішінде Өңірлік газдандыру схемасына сәйкес 2030 жылға дейін 11 елдімекен газдандырылуға жатады. Сонымен қатар алдағы уақытта ұзындығы 237,9 км болатын «Шелек – Кеген – Нарынқол» газ құбырын салу жоспары бар. Аталған жоба Алматы облысының газбен толық қамтылуына мүмкіндік береді.

– Өңіргімізге рахмет.



● **ФОРУМ**

# БІЛІМНІҢ КІЛТІ – ТӘРБИЕ



**Қарасай ауданы Қошмамбет ауылындағы жайлы мектепте «Бала құқығы: тәжірибе мен сабақтастық» атты форум өтті. Оған мектеп директорларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, бала құқықтарын қорғау өкілдері және ата-аналар қауымдастығы қатысты.**

● **Қуат ҚАЙРАНБАЕВ**

Форум жұмысын Қарасай аудандық білім бөлімінің басшысы Әсел Еркімбаева ашып, білім мен тәрбие ажырамас қос тірек екенін еске салып, әр балаға сапалы білім берудің маңыздылығын атап өтті. Спикер сондай-ақ балабақшадан бастап білім беру ұйымдарына ерекше жауапкершілік жүктелетінін ескертті. Олардың барлығы заман талабына сай жұмыс істеп, қызметіне жаңаша көзқараспен қарауы, білім сапасы мен парасатты тәрбиені қатар ұстануы, әр баланы жеке тұлға екенін ұмытпауы тиіс екені айтылды. Ауданда отбасы құндылықтарын нығайтуға, балалардың оқуға деген қызығушылығын арттыруға бағытталған жүйелі жұмыстар жүргізіліп жатқаны атап өтілді.

Форумның ерекше сәті құрметті қонақ, «Отбасы хрестоматиясы» қорының сарапшысы, психолог, «Балалықтан – даналыққа» кітабының авторы Сейілбек Мырзабаймен кездесу болды. Мұнда қаламгердің кітабына ерекше назар аударылды. Автор онда

күрделі ұғымдардың мәнін қарапайым тілмен түсіндіріп, бала тәрбиесіне қатысты тағылымды оқиғалармен бөліскен.

Аталған еңбекте жас ұрпақты табиғатқа жақындатудың маңыздылығы да айрықша аталған. Себебі бұл нейрондық байланыстардың дамуына ықпал етіп, адамның қоғаммен, қоршаған ортамен және ең бастысы өз-өзімен үйлесімді өмір сүруіне көмектеседі. Сонымен қатар автор балаларды кітап оқуға баулудың маңызын және әлеуметтік желілердің қауіпті әсерін баяндаған

Сейілбек Мырзабай сөз соңында аудитория сұрақтарына жауап берді. Одан кейін форум жұмысы «Ашық микрофон» алаңында жалғасты. Оны Б. Қосынов атындағы орта мектептің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Тазагүл Халмұхамедова, А.Байсалбаев атындағы орта мектептің мұғалімі, «TeachSkills» қауымдастығының мүшесі Назым Қартбаева және А.Байтұрсынов атындағы орта мектептің бала құқықтарын қорғау өкілі Махмұт Нарудил ұйымдастырды.

Форумда ата-аналар да назардан

тыс қалмады. «Бала игілігі үшін бірлесе әрекет ету» атты тренинг өткізілді. Оны Жамбыл ауылындағы №2 орта мектептің қызметкері Әсел Таңагова мен Қошмамбет ауылындағы жайлы мектептің өкілі Перизат Хабылова жүргізді.

Шара концерттік бағдарламамен қорытындыланды. Аудан педагогтерінің оркестрі «Адай» және «Балбырауын» күйлерін шебер орындады. «Шұғыла» ансамблі көрермендерді қазақ биімен қуантса, «Жауқазын» жастар театры «Көлеңкеден жарыққа» атты театрландырылған қойылым ұсынды. Соңында хор «Біз – Қарасайдың жастары» атты салтанатты-патриоттық әнді орындады.

Форум соңында Әсел Әбілқызы алқалы жиынның педагогтер, ата-аналар мен оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыруға, бала құқықтарын қорғау бағытындағы жұмыста отбасы, мектеп, қоғамдық институттар мен мемлекеттік органдар арасындағы өзара іс-қимылды нығайтуға бағытталғанын атап өтті. Бұл аса маңызды, себебі өскелең ұрпақты тәрбиелеу арқылы біз ел болашағының негізін қалаймыз. Сондықтан ата-аналар мен мұғалімдерге, отбасы мен мектепке ерекше жауапкершілік жүктеледі. Қоғамның да ықпалы зор, ол – бүгінгі ұл-қыздардың бойына аталған құндылықтарды сіңіретін маңызды фактор.

● **ӘДЕБИ КЕШ**

**Ақық ақын Мұқағали Мақатаевтың туғанына 95 жыл толуына орай Алматыдағы №39 балалар кітапханасында «Мұқағали – мәңгілік ғұмыр» атты әдеби кеш өтті. Шараға белгілі қаламгер, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Нұрдаулет Ақыш, ҚР ҰҚК Шекара қызметі Алматы облысы бойынша департаментінің сержанттар құрамын даярлау бөлімінің әскери қызметшілері, Бауыржан Момышұлы атындағы №131 мектептің жоғары сынып оқушылары**

## Мұқағали – МӘҢГІЛІК ҒҰМЫР



Кеште жазушы Нұрдаулет Ақыш Мұқағали поэзиясының көркемдік әлеміне, тілдік өрнегіне, образ жасау шеберлігіне кеңінен тоқталды. Сонымен қатар шарада ақын туралы шағын бейнеүзінді көрсетілді.

Нұрдаулет Ақыштың әдемі де сыршыл әңгімесінен кейін кезек алдымен жырқұмар өрендерге тиді. Сержанттар құрамын даярлау бөлімінде біліктілік курсынан өтіп жатқан келісімшарт қызметінің қатардағы жауынгері Жасұлан Молдырахманов ақынның «Шекарада» өлеңін мәнерлеп оқыды. Ал білімін көтеру үшін ҚР ҰҚК Ақтөбе облысы бойынша департаментінен келген ефрейтор Азамат Сәдірбай Мұқағалидың «Несіне асығады?» атты жүрек тербетер әнін гитарамен әуелете шырқап, тыңдарманның көңілін шалқытты. Батырдың есімін еншілеген білім ошағының өнерлі жастары де кем түспеді. Мектеп кітапханашысы Мәдина Мырзахметова бастап келген оқушылар ақын өлеңдерін жатқа оқыды.



Кеш соңында балалар кітапханасы атынан Жадыра Зәкірова жазушы Нұрдаулет Ақыш, сержанттар құрамын даярлау бөлімі бастығының тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары, подполковник Азамат Биманов және Бауыржан Момышұлы атындағы мектептің кітапханашысы Мәдина Тортайқызын Алғыс хатпен марапаттады. Өз кезегінде подполковник А.Биманов кітапхана ұжымына департамент тарихынан сыр шертетін «Біз – Отанның берік қалқаны» кітабын сыйға тартты.

**Тамара ДӘУЛЕТБАЕВА, ҚР ҰҚК Шекара қызметінің запастағы подполковнигі**

«KGT Group» ЖШС 26.02.2026 ж. бастап 5 жұмыс күні ішінде «Алматы облысы Алатау қаласы Арна шағынауданы, Арна өнеркәсіптік аймағы, 204 «А» учаскесі мекенжайы бойынша кірме теміржол жолын салу» жұмыс жобасына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша көпшілік алдында талқылау түрінде бірыңғай экологиялық порталда <https://ndbecology.gov.kz/> қоғамдық тыңдау өтетіндігі туралы хабарланды.

Жобаға қатысты ұсыныстар мен ескертулерді бірыңғай экологиялық порталда <https://ndbecology.gov.kz/> қалдыруға болады.

Жоспарланған кызметтің бастамашысы: «KGT Group» ЖШС, БСН: 200240009228, Жамбыл облысы, Мерке ауылы, Алатау көшесі, 16, тел.: 8-702-383-84-78.

Жобаны әзірлеуші: «Орда Проект Консалтинг» ЖШС, БСН: 111240003333, Қызылорда қаласы, Жахаева көшесі 66/3, тел.: 8 (7242) 230335.

Қосымша мәліметтерді алуға болатын электрондық пошта мен телефон нөмірі: 8-(7242) 230335, e-mail: [ordaproekt2011@mail.ru](mailto:ordaproekt2011@mail.ru).

Жергілікті атқарушы органның электрондық мекенжайы және пошталық мекенжайы: Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы, email: [329762eco@mail.ru](mailto:329762eco@mail.ru), Қонаев к., Құрылысшы көшесі, № 12.

ТОО «KGT Group» уведомляет о проведении общественного слушания в форме публичного обсуждения с 26.02.2026 г. в течении 5 рабочих дней на Едином экологическом портале <https://ndbecology.gov.kz/> по разделу «Охрана окружающей среды» рабочему проекту «Строительство подъездного железнодорожного пути по адресу: Алматинская область, г. Алатау, мкр. Арна, п.з. Арна, уч.204 «А»».

Ознакомится с документацией, оставить предложения и замечания можно на Едином экологическом портале <https://ndbecology.gov.kz/>.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «KGT Group», БСН: 200240009228, Жамбылская область, село Мерке, улица Алатау, 16, тел.: 8-702-383-84-78.

Разработчик проекта: ТОО «Орда Проект Консалтинг», БИН: 111240003333, г.Кызылорда, ул.Жахаева 66/3, тел.: 8 (7242) 230335.

Электронный адрес и номер телефона, по которым можно получить дополнительную информацию о намечаемой деятельности: тел.: 8(7242)230335, e-mail: [ordaproekt2011@mail.ru](mailto:ordaproekt2011@mail.ru).

Электронный и почтовый адрес местного исполнительного органа: Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области, email: [329762eco@mail.ru](mailto:329762eco@mail.ru), город Қонаев, улица Құрылысшы, № 12.

Маргвелашвили Георгий Арчиловичке (20.07.1972 ж.т., Ресей Федерациясы, Красноярск қаласының тумасы, ЖСН: 720720301568, Алматы облысы, Қапшағай қаласы, 2-ықшамаудан, 37-үй, 31-пәтерде тұратын) 2002 жылғы 25 қаңтарда Алматы облысы, Қапшағай қаласында № 23-2021 мұрагерлік іс бойынша берілген Мұрагерлікке құқық туралы куәлігінің жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Утеранный Свидетельство о праве на наследство по закону на имя Маргвелашвили Георгий Арчиловича, (20.07.1972 г.р., уроженец России, Красноярск, ИИН: 720720301568, проживающей в Алматинской области, в городе Капшагай, 2-мкр, дом 37, кв 31) Наследственное дело № 23-2021 г.Капшагай, Алматинская область, 25.01.2022 г. считать недействительным.

02.03.2026 ж. бастап 10 күн жұмыс ішінде ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйесінің [ndbecology.gov.kz](http://ndbecology.gov.kz) сайтында Алматы облысы Қарасай ауданында орналасқан «Долан-1» саздақ кен орнын жою жоспарына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Белгіленген қызметтің бастамашысы: «ZAAIR» ЖШС, БСН: 951240002171, мекенжайы: Алматы қаласы, Алатау ауданы, Чойбалсан көшесі, 11 үй, тел.: 87752556667, [bagi\\_zhann@mail.ru](mailto:bagi_zhann@mail.ru).

Жоба материалдарымен ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйесінің [ndbecology.gov.kz](http://ndbecology.gov.kz) сайтында танысуға болады. Ұсыныстар мен ескертулер [ndbecology.gov.kz](http://ndbecology.gov.kz) сайтында қабылданады. Экологиялық жобаны әзірлеуші: «Р.А. Құрманғалиев» ЖШС, тел.: 87012775623, [rufat.taldyk@mail.ru](mailto:rufat.taldyk@mail.ru).

«Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, [329267eco@mail.ru](mailto:329267eco@mail.ru). Тел.: 8(72772)23227, Қонаев қаласы, Жамбыл даңғылы, 13.

С 02.03.2026 г. в течении 10 рабочих дней на сайте информационной системы НБД СОС и ПР [ndbecology.gov.kz](http://ndbecology.gov.kz) проводятся общественные слушания посредством публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» к плану ликвидации месторождения сульфитов «Долан-1», расположенного в Карасайском районе Алматинской области.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «ZAAIR», БИН: 951240002171, адрес: г.Алматы, Алатауский район, ул.Чойбалсан, дом 11, тел.: 87752556667, [bagi\\_zhann@mail.ru](mailto:bagi_zhann@mail.ru).

Ознакомится с материалами проекта можно на сайте информационной системы НБД СОС и ПР [ndbecology.gov.kz](http://ndbecology.gov.kz). Предложения и замечания принимаются на сайте [ndbecology.gov.kz](http://ndbecology.gov.kz). Разработчик экологического проекта: ИП «Қурманғалиев Р.А.», тел.: 87012775623, [rufat.taldyk@mail.ru](mailto:rufat.taldyk@mail.ru).

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области», [329267eco@mail.ru](mailto:329267eco@mail.ru). Тел.: 8(72772)23227, г.Қонаев, проспект Жамбыла, 13.

02.03.2026 ж. бастап 10 күн жұмыс ішінде ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйесінің [ndbecology.gov.kz](http://ndbecology.gov.kz) сайтында Алматы облысы Талғар ауданында орналасқан «Талғар Оңтүстік-Шығыс» саздақ кен орнын жою жоспарына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Белгіленген қызметтің бастамашысы: «МАГРУПОВ А.М.» ЖШС, мекенжайы: Алматы облысы Талғар ауданы, Әл-Фараби көшесі, 106, тел.: 87064071117, [bagi\\_zhann@mail.ru](mailto:bagi_zhann@mail.ru).

Жоба материалдарымен ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйесінің [ndbecology.gov.kz](http://ndbecology.gov.kz) сайтында танысуға болады. Ұсыныстар мен ескертулер [ndbecology.gov.kz](http://ndbecology.gov.kz) сайтында қабылданады. Экологиялық жобаны әзірлеуші: «Р.А. Құрманғалиев» ЖШС, тел.: 87012775623, [rufat.taldyk@mail.ru](mailto:rufat.taldyk@mail.ru).

«Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, [329267eco@mail.ru](mailto:329267eco@mail.ru). Тел.: 8(72772)23227, Қонаев қаласы, Жамбыл даңғылы, 13.

С 02.03.2026 г. в течении 10 рабочих дней на сайте информационной системы НБД СОС и ПР [ndbecology.gov.kz](http://ndbecology.gov.kz) проводятся общественные слушания посредством публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» к плану ликвидации месторождения сульфитов «Талғар Юго-Восточный», расположенного в Талғарском районе Алматинской области.

Инициатор намечаемой деятельности: ИП «МАГРУПОВ А.М.», адрес: Алматинская область, Талғарский район, ул.Аль-Фараби 106, тел.: 87064071117, [bagi\\_zhann@mail.ru](mailto:bagi_zhann@mail.ru).

Ознакомится с материалами проекта можно на сайте информационной системы НБД СОС и ПР [ndbecology.gov.kz](http://ndbecology.gov.kz). Предложения и замечания принимаются на сайте [ndbecology.gov.kz](http://ndbecology.gov.kz). Разработчик экологического проекта: ИП «Қурманғалиев Р.А.», тел.: 87012775623, [rufat.taldyk@mail.ru](mailto:rufat.taldyk@mail.ru).

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области», [329267eco@mail.ru](mailto:329267eco@mail.ru). Тел.: 8(72772)23227, г.Қонаев, проспект Жамбыла, 13.

02.03.2026 ж. бастап 10 күн жұмыс ішінде ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйесінің [ndbecology.gov.kz](http://ndbecology.gov.kz) сайтында Алматы облысы Қарасай ауданында орналасқан «Алмалыбақ» саздақ кен орнын жою (рекультивациялау) жоспарына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Белгіленген қызметтің бастамашысы: «Мунай Жабдық Индастри» ЖШС, БСН: 050140018718, мекенжайы: Алматы қаласы, Әуезов ауданы, ш/а.Мамыр-7, 8/5 ғимарат, тел.: 87776686886, [bagi\\_zhann@mail.ru](mailto:bagi_zhann@mail.ru).

Жоба материалдарымен ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйесінің [ndbecology.gov.kz](http://ndbecology.gov.kz) сайтында танысуға болады. Ұсыныстар мен ескертулер [ndbecology.gov.kz](http://ndbecology.gov.kz) сайтында қабылданады. Экологиялық жобаны әзірлеуші: «Р.А. Құрманғалиев» ЖШС, тел.: 87012775623, [rufat.taldyk@mail.ru](mailto:rufat.taldyk@mail.ru).

«Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, [329267eco@mail.ru](mailto:329267eco@mail.ru). Тел.: 8(72772)23227, Қонаев қаласы, Жамбыл даңғылы, 13.

С 02.03.2026 г. в течении 10 рабочих дней на сайте информационной системы НБД СОС и ПР [ndbecology.gov.kz](http://ndbecology.gov.kz) проводятся общественные слушания посредством публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» к плану ликвидации (рекультивации) месторождения сульфитов «Алмалыбақ», расположенного в Карасайском районе Алматинской области.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Мунай Жабдық Индастри», БИН: 050140018718, адрес: г.Алматы, Ауэзовский район, мкр.Мамыр-7, здание 8/5, тел.: 87776686886, [bagi\\_zhann@mail.ru](mailto:bagi_zhann@mail.ru).

Ознакомится с материалами проекта можно на сайте информационной системы НБД СОС и ПР [ndbecology.gov.kz](http://ndbecology.gov.kz). Предложения и замечания принимаются на сайте [ndbecology.gov.kz](http://ndbecology.gov.kz). Разработчик экологического проекта: ИП «Қурманғалиев Р.А.», тел.: 87012775623, [rufat.taldyk@mail.ru](mailto:rufat.taldyk@mail.ru).

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области», [329267eco@mail.ru](mailto:329267eco@mail.ru). Тел.: 8(72772)23227, г.Қонаев, проспект Жамбыла, 13.

**АЛАТАУ** арайы

**ҚҰРЫЛТАЙШЫ:**  
Алматы облысының әкімдігі  
Меншік иесі: «Өлке тынысы» ЖШС

**Директор:**  
Кәдірбек ҚҰНЫПИЯҰЛЫ

**Бас редактор:**  
Қуаныш ТҮНҒАТАР

**МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:**

Жамбыл ауданы – Серік САТЫБАЛДИЕВ 8 701 254 97 55  
Қарасай ауданы – Қуат ҚАЙРАНБАЕВ 8 701 347 60 32  
Талғар ауданы – Құтмағамбет ҚОНЫСБАЙ 8 702 488 56 12  
Еңбекшіқазақ ауданы – Құралай МҰРАТҚЫЗЫ 8 700 573 30 11  
Ұйғыр ауданы – Анар ДҮЙСЕНБАЙҚЫЗЫ 8 702 213 95 83  
Райымбек ауданы – Жұмабек ТҮРДИЕВ 8 777 029 45 22  
Кеген ауданы – Дәурен ӘБҮТӨЛІПОВ 8 777 218 63 25

**ЖАРНАМА БӨЛІМІ:**  
Жауһар АМАНГЕЛДИЕВА 8 708 210 95 71  
[alatau\\_jarnama@mail.ru](mailto:alatau_jarnama@mail.ru) 8 747 688 17 41

Жарнама, хабарландырудың мазмұны мен мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газет облыстың бөлінуіне байланысты жаңадан тіркеліп, 2022 жылдың 3 қыркүйегінен Қонаев қаласынан шығады

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді

«Алатау арайы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек

Газеттегі кейбір суреттер ғаламтордағы ашық дереккөздерден алынады

Газет аптасына үш рет – сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2024 жылы 2 ақпанда қайта тіркеліп, № KZ22VPY00086933 куәлігі берілген.  
**Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы**

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, «Алматы – Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.  
М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

**МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:**  
Қонаев қаласы, Достық көшесі, 1.  
Тапсырыс – 170

«Өлке тынысы» ЖШС басылымдарының жалпы таралымы – 12 000, оның ішінде, «Алатау арайы» газетінің осы шығарылымының таралымы – 7 823. Индексі – 64792.

**Кезекші редактор: Айжарық КӨПТІЛЕУОВ**